



# АБАЙ НҰРЫ

Мектепшілік мәдени-танымдық ақпараттық газет. 2020 жылғы қыркүйектен шыға бастады. №7-8 (12) мамыр-маусым-шілде 2022 жыл

## ЖАС ТҮЛЕК 2022 – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРТЕҢІ

25 мамырда мектебімізде «Жас түлек 2022 – Жаңа Қазақстанның ертеңі» атты соңғы қоңырау салтанатты іс-шарасы өтті.

Іс-шараға Байқоңыр ауданы әкімі Ерлан Әлімбаев және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультетінің профессоры Мұратбек Токтағазин, Абайтанушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Алмахан Ғабдуллина, Ауған соғысы ардагері, ата-ана Қайрат Елубай қатысты.

«Атамұра» баспасы мектепке 100 жаңа кітап сыйлады, сол үрдісті жалғастыру мақсатында «Мектепке кітап сыйла» акциясы аясында бітіруші түлектеріміз де білім ордасына өз сыйлықтарын тапсырды.

Ерекше мағына мен мәнге толы салтанатты іс-шара жоғары деңгейде өткен жиында мектеп директоры Айгүл Қашаева мектептің абыройын олимпиадада, өнер, спорт және дебат алаңдарында асқақтатып жүрген ұстаздар мен оқушыларды марапаттады.



**Мектеп миссиясы:**  
Білімді, тәрбиелі «Толық адам» қалыптастыру.

**Мектеп ұстанымы:**  
Ұлттық құндылықтар мен элеуметтік жобаларға негізделген заманауи білім беруді қамтамасыз ету.

**Құндылықтар:**  
«Бес асыл іс» қаридасы

- ТАЛАП
- ЕҢБЕК
- ТЕРЕҢ ОЙ
- ҚАНАҒАТ
- РАҚЫМ

**Өзектілігі:** Сауатты, салауатты өмір салтын ұстанған, Абай мұрасымен кемелденген жаһандық білім бәсекесіне қабілетті тұлға қалыптастыру.

### «АБАЙ ХИКАЯТТАРЫ» КІТАБЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Абайтану пәні қай кезеңде болмасын өзіндік жолы қалыптасқан іргелі сала. Мақаланың негізгі арқауы – «Абай хикаяттары» кітабы. Кітаптың жалпы құндылығы – Абай мұрасына бағытталған. Кітапта бала Абайдан бастап, дана Абайға дейінгі жол тұтастай қамтылған.

**Дәулет ЖАЛЕЛОВ,**  
Нұр-Сұлтан қаласы, Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ауылына келгендегі жай-күйі кітаптың маңыздылығын арттырады. Келген елге сыйлы меймандардың Абайға берген батасы мен айтқан ақылы жинаққа енген. Абай хикаяттары – Абайтану пәнін оқытудағы маңызды құрал.

Бала Абайдың өнермен білімге деген құлшынысы кітаптың бастапқы бөлігінде ерекше көркем түрде суреттелген. Барлас пен Байкөкшенің Құнанбай

(Соңы 6-бетте)

## ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ



Мектебімізде отбасы күні аясында 5-сыныптар арасында «Мен және менің отбасым» атты спорттық сайыс өтті.

Іс-шара «Ұстаз, ата-ана, оқушы» үш тұғырды бір арнаға тоғыстыру барысында ұйымдастырылды. Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым атты бес асыл іс құндылығы қатысушылардың өн бойынан табылды. Жарыста жеңіске деген жігер, ептілік байқалды. Бұл жарыстың негізгі өзектілігі бізді татулыққа, отбасы бірлігіне үндейді.

Мектеп пен ата-ана арасындағы байланыс жұп-жұмыр болғанда ғана алдыға қадам басамыз. Жеңімпаздарымызды шын жүректен құттықтаймыз.

## ҚАЛАЛЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІ ӨТТІ



XXIII республикалық Абай оқуларының қалалық іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша 2022 жылдың 20 мамыр күні 8-11 сынып оқушылары арасында XXIII республикалық Абай оқуларының қалалық іріктеу кезеңі өтті.

Ережеге сәйкес Абай оқулары 6 аталым бойынша өткізіліп, конкурс қорытындысы бойынша төмендегі оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болды:

### 1. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...» номинациясы бойынша:

Бас жүлде – Ұлпан Арғынбаева, жетекшісі – Әйгерім Біржанқызы;  
II орын – Айерке Тлеміс, жетекшісі – Лаура Ерболқызы;

### 2. «Абайдың қара сөздері» номинациясы бойынша:

I орын – Ильяс Мықтыбек, жетекшісі – Айгерім Біржанқызы;  
II орын – Арухан Әбілхан, жетекшісі – Айнұр Зейноллақызы;

### 3. «Абайдың ақын шәкірттерінің шығармалары» номинациясы бойынша:

Бас жүлде – Нишонгүл Сексенбаева, жетекшісі – Заңғар Кәрімханұлы;  
I орын – Ердәулет Рахымбаев, жетекшісі – Айнұр Зейноллақызы;

### 4. «Көңілім әнді ұғады...» номинациясы бойынша:

I орын – Қарақат Құлажан, жетекшісі Назерке Алмасқызы;  
III орын – Алматы Бердімұрат, жетекшісі Ардақ Төлеубайқызы;

### 5. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда...» номинациясы бойынша:

II орын – Айғаным Максұтханова, жетекшісі – Дәулет Серікұлы;

### 6. «Ұлылар әлемі» эссе жазу номинациясы бойынша:

III орын – Аружан Жұмабай, жетекшісі – Айгүл Оңдағанқызы;  
III орын – Мерей Бахкелді, жетекшісі – Нұрбол Қасқырбайұлы.

## «АБАЙ СЫЙЫ – 2022»



Мектебімізде дәстүрге айналған «Абай сыйы – 2022» жобасы өтті. Келген қонақтар алдымен Абай мұражайына кіріп, тың деректерді тыңдап, Абай мұрасын жаңа бір қырынан тани білді.

Жоба 3 бөлімнен тұрды:  
1) Мектеп тынысымен танысу;  
2) Концерттік бағдарлама;  
3) «Абай сыйы – 2022» үздігін анықтау.

Үздіктер шеруіне Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Еуразиялық гуманитарлық институты, Қазақстан Жазушылар одағының Нұр-Сұлтан қалалық филиалы, Абай академиясы, Астана дарыны, «Менің атамекенім» қоғамдық қоры, Білімді жаңғырту орталығы, «Qazaqstan» ұлттық телеар-

насының өкілдері қатысып, үздік мұғалімдер мен оқушыларды марапаттады.

Ұстаздар арасында «Абай сыйы – 2022» иегерлері – Әйгерім Қумашбаева, Лазым Қасымова.

Оқушылар арасында «Абай сыйы – 2022» иегері – Ұлпан Арғынбаева.

Сонымен қатар «Абай сыйына» үміткер үздік оқушыларымыз бен олардың ата-аналары марапатталды.

## «ТАҒЫЛЫМДЫ ТӘРБИЕ – БАЛА БОЛАШАҒЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ»

Ұстаз, ата-ана, оқушы – мектептің күретамыры іспетті. Осы үш тұғыр Абай мектебінің де айнымас бөлігіне айналған.

19 мамыр күні «Тағылымды тәрбие-бала болашағының іргетасы» атты жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Бала жетістігі – ата-ана үшін зор қуаныш. Жыл бойы ғылым мен білімде, өнер мен спортта жетістікке жеткен шәкірттерімізді мектеп директоры марапаттады және осындай дарынды шәкірттер



тәрбиелеген ата-аналарға алғысын білдірді.  
«Жұлдыздар шеруі»

шәкірттерге талпыныс, болашағына бағыт-бағдар сыйлады.

## ОҚУШЫЛАРЫМЫЗ ЖҮЛДЕЛІ ОРЫН АЛДЫ



Шәкірттеріміз Алатаудың бөктерінен сүйінші жаңалықпен келді.

Жалпы білім беретін ұйымдарының оқушылары арасында өткен 4 республикалық Абайтану олимпиадасынан Ұлпан Арғынбаева жүлделі 2-орын, Гүлнұр Сексенбаева грамотамен және Аружан Жұмабай арнайы Алғысхатпен марапатталды.

Абай мұрасымен сусындап өсіп келе жатқан мектебіміздің дарынды оқушыларын шын жүректен құттықтаймыз. Жетекші ұстаздарымызға алғысымызды білдіреміз.

# МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА ТАУДЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

(Соңы. Басы өткен санда)

Бар жаны, тәні тек тауды ғана қалайды, аңсайды. Биіктік деген ұғымды таудың еңселігімен өлшейді. Одан әрі баруға болар ма еді, бірақ қанағатшыл көңіл соған тоба дейді.

*Ұйықтасам түсіме ылғи тау кіреді,*

*Тау жайлап, тау қыстаған шал жүреді.*

*Басында ақ қалпағы, жүннен шекпен,*

*Астында балтаң басқан Сал-күреңі,* – дейді Мұқағали бірде. Не нәрсе түске енсе, онда ол адамды сол нәрсе еріксіз билеген, бойын алған, жанына жеткен деп білеміз. Таудың түске кіруі күнделікті теледидардан кино көру емес, өңдегі аңсаған аңсардың, сағынған сағыныштың алпыс екі тамырда тулағаны ғой. Басқаша айтқанда, пендеауи тірлікте адам түсіне тау енсе, бұл – адамның ішкі әлемінің асқақ көрінісі. Тамыры тауға байланып, таспен тілдесіп өскен адамның, ақынның осылай демеске шарасы жоқ. Бейтаныс қарияның Салкүреңмен тау басында жүруін, оған жетемін деп жете алмауын, олардың көз алдынан ғайып болуын, ақырында өзінің шың басынан түсе алмай қалып қойғанын өлеңмен өреді.

Ал арман аңсатса, келешек үміттендірсе, алдымен түске кіреді, сосын өңде болуы-болмауы екіталай нәрсе.

Адам мен адам жаратылысының айырмасы болмағанмен, тау мен таудың өзгешелігі бар. Туған жерінің асқағы Хан-Тәңірі деген тәнті көңіл, зор сүйіспеншілік шың суретін бейнелеп берді:

*Тік тұр ол*

*Қырын қарап сай-салаға.*

*Күн көркі, Көк мекені, ай – шағала.*

*Қалғымай қанша жылды өткерді екен,*

*Тәкаппар Тянь-Шаньдағы қайсар аға?*

Ақын жазған, суреттеген тау Алатау, Хан-Тәңірі болса, олар маған өзімнің Тарбағатайымдай көрінеді. Кешегі Барқытбелімдей елестейді. Тарбағатай ежелден суырлар мекені еді ғой. Тарбаған деген жәндік мол болғасын Барқытбел аты қалып, Тарбағатай атаныпты. Сондай суырлы таудың да суреті ақын қаламында тұнып тұр.

*Қар да ілігіп қалған-ды тау басына,*  
*Мұз тоңды ма бұлақтың*

*жамбасына?*

*Суық келіп, суыр да жатқан шығар,*

*Қамдап алып азығын қамбасына.*

Өмірде сағыныш деген ғаламат сезім бар, алапат сезім бар. Бірақ ол түсіне, түйсіне білген жанға ғана айқын. Ал тауды сағынудың, Мұқағалиша сағынудың жөні басқа. «Сағындым ғой» деген өлеңінде ақын табиғатты адамша сағынады, құшағына басып, бауырына алар дегендей мейірім күтеді. Туған жерді, тауды сағынудың шын дертіне ұшыраған адамды емдеудің де жолы сол – ол жерді көру, көріп қана қоймай топырағын басып, суын ішіп, көк шалғынға аунау, тау саясында өкпесі өшкенше жүгіру, жүгіріп жүріп құлау, құлап жатып мауқын басу.



“**Ақындық асқақтықпен айтылған сөзде ақынның өз бейнесі бар, ақындық қалпы танылады. Сол сұлулықтың да күндердің күнінде ажары тайып, базары тарқағанын да қынжыла айтады: «Ол аймақ баяғыдай, менің балауса шағымдай сұлу емес қазір. Жоқ, сұлу емес. Ол да бөлек қазір, мен де бөлек». Ондағы сұлулықтың бөлектігі мен өзінің бөлектігін өліммен теңестіреді. «Екеуі де өлген. Тек менің кеудем мен миымда ғана. Менімен бірге өледі...» – дейді тағы да.**

*Сағындым ғой, саялы тау арасы,*  
*Сағындым ғой, жанымды дауалашы!*  
*Көрсетпестен, көк шалғын,*

*көміп таста.*

*Қарағайлы қалың ну, қамалашы!*  
*Сағындым ғой тауымның көк белдері,*  
*Қанжығана байла да, бөктер мені.*  
*Кұздар, мені мәңгілік тұтқыныңа ал,*  
*Асу берме, қияның өткелдері.*

*Таулар, таулар, тауларым,*  
*тауларым-ай!*

*Таудағыдай еш жерде күн шықпайды,*  
*Түн болмайды еш жерде таудағыдай!*

Ақынның тауға тау, тасқа тас екен деп қарамайтынын жоғарыда айттық. Тау – Құдайдың дәрегейіне қараған өзгеше жаратылыс болғанмен, ақын танымында, жырында, шығармашылығында ол адам деңгейіне көтеріледі. Ақынның «Бір орамын ағытып сәлдесінің», «Ақбас ата – асқарлар», «Алып сәби жарасқан», «Тоқтап қалған керуен», «Таулар тұрып кетпесін», «Ығысындар!», «Сағынысып қаппыз ғой, тарланым-ай!», «Қабағы таудың қатулы», «Тәкаппар Тянь-Шаньдағы қайсар аға?», «Ақ таулар – іштен тынады», «Басымды ием тауларға, Басымды ием орманға,

Бұлардан ыстық жан бар ма?», деген сөз тіркестерінен қоғалмайтын таулардың адам, әже мен ата, сәби, керуен бейнесінде көрінуі, жаны бар адамдардай қимылдауы, қозғалысқа түсуі – Мұқағали шығармашылығының шыңы, қазақ әдебиетінің жетістігі.

Мұқағали өзінің «Күнделігінде»: «*Туған жерімнің тұнып тұрған қылышына қылаң түспеген сұлулығын алдымен мен сүйгем!*», деп жазды (Мұқағали. Күнделік. Алматы: Қазақпарат, 2009. 21-бет).

Ақындық асқақтықпен айтылған сөзде ақынның өз бейнесі бар, ақындық қалпы танылады. Сол сұлулықтың да күндердің күнінде ажары тайып, базары тарқағанын да қынжыла айтады: «*Ол аймақ баяғыдай, менің балауса шағымдай сұлу емес қазір. Жоқ, сұлу емес. Ол да бөлек қазір, мен де бөлек.*» Ондағы сұлулықтың бөлектігі мен өзінің бөлектігін өліммен теңестіреді. «*Екеуі де өлген. Тек менің кеудем мен миымда ғана. Менімен бірге өледі...*» – дейді тағы да. Балалықтың тәтті шағындағы сұлулықты ересек тартқанда елестете алмаудың қасіретті екенін ескертеді автор. Өйткені ең алғаш

көрген сурет – мәңгілік сурет, мәңгілік бейне. Уайымсыз, уызды күндердің куәсі болған тау суреті тасқа басылмастан оның ойында, миында ғана сақталып қалғаны қандай өкінішті! «*Соның бәрінің қызығы менде, менімен, өзіммен бірге кетеді*», деп тоқетерін айтса да, көнбеске шарамыз жоқ-ау...

Ақын сол «Күнделігінің» бір жерінде: «*Менің қымбатты достарым! Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, творчествомды зерттемек болсаңдар, онда не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінемін. Естеріңізде болсын, менің өлеңдерім жеке тұрғанда түк те емес. Біріктіріп қарағанда ол поэма іспетті*», деп жазыпты (Мұқағали. Күнделік. 45-бет). Осыған байланысты айтар болсақ, оның тау тақырыбындағы барша өлеңін бірінен соң бірін оқысаңыздар, ақынның не үшін тауды сүйгенін, тауды қастерлегенін түсінер едік, білер едік.

*Адырлар, жондар, шатқалдар,*  
*Аспанды тіреп жатқандар,*  
*Айтылды нелер мақтаулар,*  
*Арманың бар ма, ақ таулар?*

Тау – Мұқағали шығармашылығының төлқұжаты. Қазақта тауды жырлаған басқа да мықты ақындар бар, бірақ та олардан Мұқағалидың жөні бөлек. Ал Қазақстанның «жалғыз» ұлы қазақ үшін тау – терең тарих, қымбат қазына, бағдарлы болашақ. Тау – ұлттың өмірі, жаны мен қаны. Ендеше, осыны біліп терең жырлаған, алғаусыз айтқан Мұқағали жыры да мәңгілік.

**Заңғар КӨРІМХАН,**  
әдебиеттанушы ғалым,  
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің  
мұғалімі

## «ДАЙАҒАШШЫ» КІТАБЫНЫҢ АВТОРЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ



Балалар жылы мен «Оқуға құштар мектеп» аясында жүргізіліп келе жатқан «Тағылым» бағдарламасын қорытындылады.

Өздеріңіз білетіндей Ұларбек Нұрғалымұлының «Дайағашшы» кітабын ұстаздарымыз бен оқушыларымыз қызыға талдады. Ұлттық

таным мен рух жігер қалыптастыратын жоба әлі де өз жалғасын таппақ.

Биылғы оқу жылының түйінді

сұхбаты автормен кездесумен аяқталды. Ақын, жазушы Ұларбек Нұрғалымұлы Абай мектебіне келіп, оқушыларымызбен кездесіп, оқырман көкейінде жүрген сұрақтарға жауап берді. «Тағылым» бағдарламасының қатысушылары кітаптан үзіндіні нақышына келтіріп

орындап, көпшіліктің ықыласына бөленді.

Қазақ руханиятына өлшеусіз қызмет етіп келе жатқан Ұларбек Нұрғалымұлы ұстаздар мен оқушыларымызға ыстық ықыласын білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.

## САНДЫҚТЫҢ СЫРЫ

Көшпенді қазақ халқында таптырмас әрі ыңғайлы бір жиһазы ол сандық екені көз келген қазақ атауына мәлім түсінік деп ойлаймын. Ендеше, сандық ол киіз үйге сән келтіретін бір бұйым әрі күнделікті қолданысқа өте керекті жиһаз болып қана қоймай көшіп-қонуға да ыңғайлы зат. Ал оның жасалу жолдары кең-байтақ қазақ жері үшін әртүрлі әдістермен әшекей бұйымдармен, ою-өрнектермен, бағалы тастармен безендірілген. Қыз ұзатылғанда да жасауымен бірге берілетін бағалы заттың бірі. Қыз ұзатылғанда киім-кешегі, әшекей бұйымдары мен дүние-мүлкі сандыққа салынып, бірге жіберілетін болған. Сондай-ақ қалыңдықтың артынан баратын көрпе-төсек сандықтың үстіне жиналған және сандық келген кезде «сандық ашар» рәсімін өткізген екен.

Қолданысына және де пайдалану мақсатына қарай әртүрлі пішінде жасалған. Олардың құрылымы мен көркемделуі жағынан мынадай түрлерге бөлуге болады:

- көлемі айтарлықтай үлкен, екі қапталында қосалқы қоржындары, төменгі жағында өрнектеп шапқан аяғы бар, алдыңғы беті қаңылтыр тіліктерімен әшекейленген сандықтар;

- көлемі шағындау, ықшам, ұқсатылуы қарапайым, беті мен екі қапталы симметриялы ою-өрнекпен әшекейленген, оймыштың 2-3 түрі қолданылған сандықтар;

- көлемдерінде айтарлықтай алшақтық байқалмайтын, құрастырылуы қарапайым, астына жіңішке түзу тақтайлар көлденең қағылған, өн бойы сүйек кесінділерімен безендірілген, кілтпен ашылып-жабылатын сандықтар.

### Сандықтың түрлері

Жағылан – сандықтың көне түрі. Киім-кешек басқа да бұйымдарды ішіне салып қояды. Оның негізі жұқа тақтайлардан құрастырылады, сырты түгелдей былғарымен қапталыды, бет жағы ғана әртүрлі әдіспен көркемделген. Сыртындағы былғарыға қошқар мүйіз, қос мүйіз, сынар мүйіз сияқты ою-өрнектер жүргізіледі. Жағыланның бетінің дәл ортасынан дөңгелек, екі шетінен жапырақ тәрізді

дөңес көздер көксауыр былғарымен ойыстырылады да, төрт бұрышындағы дөңгелек жұлдыз тәрізденіп бастырылған өрнектің ортасына күміс көздер орна-тылады. Кейбір жағыландар қызғылт былғарымен де қапталыды.

Әбдіре (абдыра) – зат сақтайтын үлкен сандық. Сыртын қаңылтырмен әшекейлеп қаптап қояды. Этнографтар абдыра сөзін түркі тілінде «абық», «абыт» (бірдеңені «тығу», «жасыру») сөзінен шығуы мүмкін деп те жорамалдайды. Қазір де әбдіре-сандықтың түрлері жасалып, тұрмыста қолданылып жүр.

Қолсандық – ұзатылатын қыздарға арнап жасалатын, киім-кешек, әртүрлі заттар салынатын бұйым. Ол бұрындары қыз жасауының құрамына кіретін-ді. Ағаштан жасалып, түрлі түсті бояумен және ою-өрнектер салынып, сырланады. Оны жасағанда неше түрлі шұға, асыл тастар, сүйек пен күміс әшекейлермен де безендірілген екен.

Бөгіребас – кесе, аққұман тәрізді және де үй әбзелдерін, ыдыс-аяқтарын салуға арналған сандықтың түрі. Көлемі бойынша үй иесінің қалауы бойынша әртүрлі болады. Оны төрт тағанға тақтайдан аяқ жасап, сыртына әртүрлі өрнектермен бояп жасайды.

Жасалу жолдарына келетін болсақ, әуелі төрт қабырғасы мен табаны өзара



бір-біріне шегеленіп кейін қақпағын (егер төбесінде болған жағдайда) терінің тілімі немесе темірден топса арқылы бекіткен. Кейін бетіне жону арқылы ою-өрнек сызған, түрлі түсті бояулармен бояған, бағалы тастар мен сүйектер жабыстыру әдісі немесе қаңылтырмен қаптау, терімен қаптау әдістерін пайдаланған. Қаптау, бояу, ою бұл өңірлерге байланысты да бөлуге болады. Мысалы: Оңтүстікте бояумен сәндеу, ою жүргізу басымдық болса, Солтүстік, Орталық, Шығыста

түсті металдармен әсемдеу жиі кездеседі. Ал Батыста бедерлеп ою ойылып, қосымша түрлі түсті бояулар жағылып үйлесімді көркемделеді. Үй жиһаздарына салынатын ою-өрнек мотиві де әртүрлі. Оңтүстікте геометриялық фигурада пайдаланса, Солтүстік, Орталық, Шығыс аймақтарда жануар стилі (зооморфты) және өсімдіктер стилін жиі пайдаланады.

Дінқауым СЕЙСЕМБАЙ,  
технология пәні мұғалімі

## «АБАЙ ӘЛЕМІ» ҚОЙЫЛЫМЫ БАС ЖҮЛДЕ ИЕЛЕНДІ



Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайының сахнасында қалалық мұғалімдер арасында өткен көркемөнерпаздар байқауында мектебіміздің өнерлі ұстаздарынан құралған «Абай» театры авторлық «Абай әлемі» қойылымын қойып бас жүлдеге ие болды.

Көпшіліктің ыстық ықыласына бөленіп, жеңіс тұғырынан көрінді.  
Жарқырасын арай күн,

Бакытыма балаймын,  
Жасай берсін мектептің  
Театры Абайдың!

## ЖАРҚЫН КЕЗДЕСУ

Ақын, жазушы, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Журналисттер одағы сыйлығының лауреаты, Ресей Федерациясы Халықаралық Психология ғылымдары академиясының құрметті академигі, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, Қазақстанның Ақпарат саласының үздігі Есенгелді Сүйінұлы Абай мектебінде қонақта болды.

Рухани әдеби-сазды кеш Нұр-Сұлтан қаласы, Білім басқармасының қолдауымен өтті. Исшараның атауы «Жарқын кездесу» форматында ұйымдастырылды. Мектебіміздің кіші және орта топтары өлеңдерін оқып, «Абай» ансамблі автордың сөзіне жазылған әнді орындады.

Білім басқармасы басшысының орынбасары Асыл Амангелдіқызы өз алғысын білдіріп, Есенгелді Сүйінұлына басқарма басшысының



Алғысхатын тапсырды. Мектеп директоры Айгүл Ондағанқызы Алғысхат тапсырып, мектеп атынан қадірлі қонағымызға ізгі тілегін білдірді. Жарқын жүздесудің түйіні естелік суретке түсумен аяқталды.

## БАЛА АБАЙҒА САЯХАТ

2022 жылдың 29 сәуір күні «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы мен «Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназия» КММ бірлесіп, қалалық «Бала Абай» атты байқауын өткізді.

Бұл байқау 2 номинация бойынша өткізілді: I номинация «Абай өлеңдерінен эстафета», II номинация «Абай шығармаларынан сахналық қойылым».

Байқаудың «Абай өлеңдерінен эстафета» номинациясына қала бойынша жалпы білім беретін орта мектеп, мектеп-гимназия, мектеп-лицейлерінің 63 мектебінен оқушылар қатысты.

Байқаудың «Абай өлеңдерінен эстафета» номинациясы бойынша: **I орын** – №27 МЛ, №38 МЛ, №54 МЛ, №59 МЛ, №61 ОМ, №85 МЛ. **II орын** – №4 МГ, №26 МГ,



№50 МЛ, №56 МЛ, №66 МЛ, №68 МГ, №89 МЛ, №51 МГ, №52 МГ.

**III орын** – №8 МГ, №15 МЛ, №24 ОМ, №31 МГ, №35 МЛ, №40 МЛ, №48 МЛ, №57 ОМ, №69 МГ, №79 МЛ, №87 МГ, №65 МГ, №88 МГ, Vinom – School «Ұлы дала» МЛ.

Байқаудың «Абай шығармаларынан сахналық қойылым» номинациясы бойынша:

**I орын** – №4 МГ, №66 МЛ, №83 МГ, №86 МГ, №87 МГ.

**II орын** – №49 ОМ, №56 МЛ, №68 МГ, №71 МЛ, №74 МГ, №82 «дарын», Binom School «Ұлы Дала» МЛ, №65. **III орын** – №31 МГ, №38 МЛ, №40 МЛ, №48 МЛ, №52 МГ, №57 ОМ, №61 ОМ, №62 МЛ, №64, №69 МГ, №33 ББ.

## ДАНА АБАЙДЫҢ ҮІМЕН

Мектебімізде 1-11 сыныптар аралығында Абайтану пәнінің жүргізілетіні белгілі. Бастауыш сыныптарға Абай шығармаларын оқитудың мақсаты, оқушылардың ақын өміріне қызығушылығын арттырып, жан-жақты, білімді тұлға қалыптастыру.

*Бірінші қарасөзін талдап, түсіндіру барысында, «Мен еліме қалай пайдалы бола аламын?» деген тақырыпта оқушылардан өз ойларын жазуды сұраған болатынмын. Кішкентай ғана шәжірттерімнің ойларын оқи отырып, осы пәннің, бағдарламаның мақсатына жеткенімізге сүйсіндім. Дана Абайдың ізін жалғап келе жатқан, бала Абайлардың ойын сіздердің де назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдім.*

**Меруерт ТНАЛИНА,**  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі



Адамның баласы орта жасқа келгенде, өз өмірі қандай болатыны туралы ойлану керек. Мен 3-сыныпта оқысам да, кім боламын туралы жиі ойлаймын. Полиция қызметкері болу? Жоқ, бола алмаймын. Себебі полицияның мінезі мықты болу керек. Ал менің мінезім жұмсақтау. Спортшы болу? Жо-жоқ, спортшы да бола алмаймын. Спортшы болу үшін көп еңбектеніп, көп жаттығу керек. Мықты, төзімді болу керек. Ғарышкер болу? Жоқ, ғарышкер де бола алмаймын. Ғарышкер батыр да, батыл болу керек. Ал мен өскенде ғалым болғым келеді. Көп ізденіп, білімге ұмтылып, елге пайдамды тигізгім келеді.

**Жансұлтан НҰРМАХАН,**  
3 «Г» сынып оқушысы



Әрбір адам айналасына пайдалы болу керек. Мен қалайша пайдалы болатынымды ойланым көрдім. Ақын болу? Жоқ бола алмаймын. Ол үшін адамда ақындық талант болу керек. Ақын болу менің қолымнан келмес. Дәрігер болу? Жоқ, бола алмаймын. Дәрігер бола алатын адам болсын. Адамдарды емдей алатын, екпеден қорықпайтын адамдардың дәрігер болғаны дұрыс. Менің қалауым полиция маманы болу. Мен қылмыскерлерді іздейтін боламын. Даладағы тәртіпті сақтап, қадағалап жүремін. Адамдарға солай пайдалы болғым келеді.

**Айару ЕСЕНАМАН,**  
3 «Г» сынып оқушысы



Мен еліме қалай пайдамды тигізе аламын? Жазушы болу? Жоқ, ол менің қолымнан келмейді. Әдемі, көркем жаза алмаймын. Әнші болу? Жоқ, мен ән айта алмаймын. Әнші болу үшін әдемі дауыс керек. Сондықтан әдемі дауысты балалар әнші болсын. Мен мұғалім боламын. Балаларға сабақ беремін. Ғылым бағамын. Оларға білім беремін. Мен сабақ берген балалар білімді болады. Ал білімді адамда бәрі болады, бола береді.

**Тайхан МҰСАБЕК,**  
3 «Г» сынып оқушысы



Мен еліме қалай пайдалы бола аламын? Биші болу? Жоқ, бола алмаймын. Биші болу менің қолымнан келмес, билей алатын адамдар билесін. Ақын болу? Жоқ, ақындық менің бойымда жоқ. Ақын болуға көп біліммен қатар талант та керек. Білім бағу? Иә, білімім арқылы пайдамды тигізу. Ол үшін мен көп оқуым керек, ізденуім керек. Білімді адам бәріне қол жеткізе алады. Менің қалауым осы. Білімді адам болу.

**Даяна ЕСЖАН,**  
3 «Г» сынып оқушысы

# «АБАЙ ХИКАЯТТАРЫ» КІТАБЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Теориялық-әдіснамалық негіздері. Абайтану саласына арналған түрлі зерттеу еңбектер мен мақалалар:

- «Абай хикаяттары» кітабындағы кейіпкерлерге шолу жасау;

- Абайтану пәнінде «Абай хикаяттары» кітабын пайдалану.

Абайтану ілімі тәуелсіз еліміздің ғылымында басты зерттелетін тақырыптың бірі. Абайтану бір-екі сағаттың не болмаса ай мен жылдың ғана аралығында қамтылатын жұмыс емес, дәуірлер мен ұрпақтар сабақтастығын қамтитын құндылық. Академик Зәки Ахметов өз пікірінде: «Абайтану – кеменгер ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, ақындық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан салалы зерттеу еңбектерді қамтиды», деп мәлімдеген болатын [1,145].

Расымен Абайтану саласы іргелі және ең ауқымды құндылығы жоғары сала. Біз қарастырғалы отырған кітап, елордамыздағы Абай мектебінің тұңғыш ғылыми еңбегі. Атында да салмақ бар. Оқыған сайын Абай мұрасына қанық боласыз. «Абай хикаяттары» деп аталады. Абайдың әдеби-мұрасы және кеменгердің тұлғалық қасиеті шоғырланған туындының өзге кітаптардан айырмашылығы қандай?! Біздің басты тоқталғалы отырған тақырыбымыздың өзектілігі де осында. Жалпы, кітаптың түсіндірмесінде төмендегі оймен сарындас мағына қалыптасады. «Абай хикаяттары» туындысында Абайдың шығармашылығы мен Абайға қатысты тарихи естеліктер жинақталған. Кітаптың авторы, тың деректерді жинастырушы – Алмахан Мұхаметқалиқызы. Автордың негізгі мақсаты – бала Абайды жарыққа шығарумен қатар Абайды жас ерекшелігіне қарай оқытуды арнаған сынды. Ақын Абай, хакім Абаймен қатар бала Абайдың болмысын автор кеңінен ашып көрсетеді. Абайтанушы ғалымдардың жинастырған мұраларын да кітапқа енгізген. «Абай хикаяттары» туындысының басты ерекшелігі, Абайдың жас ерекшелігіне қарай өсу жолдарын басшылыққа ала отырып, жас ұрпақтың санасына сіңіру. Бала



Абайдың өмірдегі барлық өзгеріс пен жаңашылдыққа талпынысы жинақтың бір бөлігіне айналған.

Академик Салық Зиманов Абайды тұлғасы жөнінде: «Ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, жол-жора ережелеріне негізделген қазақ заңдарының күші әлі де Ресей отаршылық дәуірінде де жойыла қоймаған ортада, оларды қазақ халқының бірлігі, тыныштығы, болашағы үшін жаңаша көзқараспен мейлінше пайдалана білген, XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ірі тұлғалардың алды – Абай. Оның шешен-би ретінде атқарған қызметі, жол-жора ережелеріне енгізген жаңа үлгілері көшпелі қазақ халқының рухани өмірінің дамуына едәуір әсерін тигізді. Абайды күні бүгінге дейін ұлы ақын деп қарап келдік. Бұл орынды. Орынды болса да жеткіліксіз. Ұлы ақын өлең сөзбен бейнелеген жүрек сырын, терең ойын тек арманы етіп қалдырмаған. Сол үшін күрескен. Шешендік, билік жолы оның халықтық сана-болмысты биіктетудегі негізгі құралы саналған. Абай – тұтас тұлға» деп тану қажеттігін айтып, Абайдың тұлғалық қасиетін танытып кеңінен жазады.

«Абай хикаяттары» жинағының тақырыптары Абайдың ғұмырын тұтастай қамтыған. «Ақын туған өлке», «Үлкен ауыл – Ақшоқы», «Сырт – Қасқабұлақ», «Өскенбай», «Абайдың әжесі – Зере»,

«Құнанбайдың дүниеге келуі», «Кенгірбай би», «Бала Абайдың дүниеге келуін сезуі» тағы осы қатарлы тың деректермен жазылған құнды мәліметтер кітаптың айшықтылығын арттырып тұр. Әрхам Кәкітайұлының естелігі бойынша жазылған алғашқы мәлімет «Абай туған өлке» деп аталады. «Бауырдан асыға көшкен Құнанбай ауылдары жота жол, Бөкенші деген асумен асып, таудың күнбатыс жанындағы Тоңаша, Барлыбай өзендеріне қонып, бір жұма, он күндей аялдап, шөптің сонысын басып, жотадан асып мол сулы, қалың шалғынды кең қоныстарды жайлайды» [3,10].

Осы мәліметтер арқылы оқырман Абайдың туған жері мен өскен ортасын таниды. Тобықты елінің жайғасқан мекені Шыңғыстау тауының маңы болды. Тұрағұлдың әжесі Абай өмірі туралы жазған көлемді тарихи естелігінде: «...Тобықтыда қиян-кескі екі ру партиясы бар, оның басында Оразбай қажы, Жекең деген елден Әбен қажы, Серғазы қажылар топ құрды», деп пікірін білдірген. [4,176].

Жалпы, кітап Абайтану пәні мен факультатив курстарын оқитын оқу орындары үшін таптырмайтын көмекші құрал. Әр тақырып оқушы үшін маңызды мағлұматқа толы. Абайдың әдеби мұрасы мен қатар Абай әулетінің тарихын, өмірбаянын қамтыған оқулық – елордадағы Абай мектебінің тұңғыш ғылыми негізгі кітабы

болып саналады. Абайдың әжесі Құнанбай жайлы да ақпараттар кітаптың бір бөлігіне кірген. Құнанбайдың дүниеге келуі жайлы айтылатын дерек Ахат Шәкәрімұлының естелігі бойынша берілген. Бұл жердегі басты мақсат оқушы іздеген дерегін бірнеше кітап ақтармай-ақ осы жерден табады. Құнанбайдың 1804 жылы өмір есігін ашқандығы, Зере әженің түсінде Құнанбайдың әжесі алтын сақаны иіріп отырғандығы кітапта тұтас айтылып, дүниеге келер баланың тегін бала болмайтындығы да кітапта жазылады. «Үлкен ауыл – Ақшоқы», деп аталатын тақырыпта Абайдың ғұмырының сол жерде өткендігі, жаздың ең айтулы ыстығында сол жерге тобықты елінің бет алатындығы көрсетілген. Абайдың бәйбішесі яғни Ділдәнің тарихи деректерде сол Ақшоқыға келін болып түскендігі де тілге тиек етіледі. Кітапта мынандай тың мәлімет айтылады. «Абай жолы эпопеясында Ақшоқыға Дәлдә емес, Әйгерім иелік еткендей басым суреттелген. Мұны көркем шығарма талабы, соның арналы желісіне бейімдеу деп түсінуіміз керек». Осылай жалғасқан деректе Әйгерімнің «кіші ауыл» атанған қонысы Мұхтар дүниеге келген Бөрлі жанындағы Аралтөбе болғанын тарихи мұрағат дәлелдеп отыр. Кітапта Абайдың әжесі Зереге бірнеше тақырып арналған. Зеренің шын есімінің Токбала екендігін айтады. Зере әжесінің күн сайын ертегі айтатындығын Абайдың ертегі тыңдауға деген құлшынысын аталған кітапта жүйелі түрде бейнелейді. Мұхтар Омарханұлының «Абай жолы» романы «Қайтқанда» бөлімінен айрықша үзіндіні мысалға келтіреді. «Абай өзге баладан гөрі басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты. Онысы, әсіресе әжесі» [2,145].

Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлының аталған кітап жайлы пікірімен кітаптың салмағы арта түскен. «Осының барлығын қазіргі жас ұрпақтың санасына сіңіріп, бала Абайдан – ақын Абайға, ақын Абайдан – хакім Абайға сағылап шығу арқылы толық адам іліміне көтерілуге әбден болады» [3,8].

Мектеп бағдарламасында оқытылатын Абайтану пәні үшін ең қажет туынды болып тұр. Кітаптағы жалпы тақырыптар Абай мұрасына негізделген. Абайтану пәнін оқыту маңызды деп атауға болады.

## АҚ ҰЛПА!

Ақ ұлпа сезім жүрек қағысын түсініп,  
Ақ ұлпа қардан өлең жазайын ұсынып.  
Ақ ұлпа мекен жиілеп енер түсіме,  
Ақ ұлпа жырдан құралды солай тіршілік.

Ақ ұлпа үміт сөнбеуі керек мәңгілік,  
Еріп кетеді дұрысы солай заңдылық.  
Ақ ұлпа үміт жасалып еді бақ сырдан  
Еніп кетіпті дұрысы осы таң қылып.

Ақ тамағынан жел сүйіп кетті өлеңнің,  
Ақ моншақтан тәтті жырдымды өрермін.  
Ақ көңілімнен өзімді түсін өзіңдей  
Ақселеу дала шапағатына бөлендім.

Ақ парақ алдым, қара сияны өрнектеп,  
Ақ шаңқа үйім шабыт жауынын тербеп кет.  
Ақ ірімшігін әжемнің жеуім дәл бүгін,  
Ақ батасымен атамның жүрмін ерек боп.

Ақ жайлау кеңдік көңілін ойлар достың да,  
Ақ найза – жауға, жақыңға олай қас қылма.  
Ақ көйлегімді киіп ап, тұрмын ойланып,  
Ақ ұлпа қардың өлең оқиын астында.

## АУЫЛЫМ – САҒЫНЫШЫМ

Қызымын деп, жүрмін зой өсер елдің,  
Барып қайттым ауылға, кеше келдім.  
Сыбағамды алдымда әкелерден,  
Сыбағасын жеп қайттым шешелердің.  
Салмап едім ат ізін көп боп кетті,  
Назын айтып құрбылар өкпеледі.  
Айналайын, ағайын, сөкпе мені,  
Гүлден ұшып, көбелек отта өледі.

Қиналғанда есіме ауылды алам,  
Ауыра қалсам ауаңмен тәуір болам.

Бөтен маған ешкім жоқ бөліп жарар.  
Бар баласы ауылдың бауыр маған.

Бала күнгі жанымға жолдасты алып,  
Жарқыраған түбінде алмаз балық.  
Балтырымды шақтырып балдырыңа,  
Қабырғаға қайттық біз қармақ салып.

Суы – шәрбат аңқиды, түзінде әтір,  
Түздің аңқып иісі қызыңда тұр.  
Жағасында қария Қарайдыңның  
Жалаң аяқ жүгірген ізім жатыр...

## АНА

Ана деген – аяулы күн шуағы,  
Ана деген – судың мөлдір бұлағы.  
Ана деген – айдай сұлу ару гой,  
Көзді тарта, көргің келіп тұрады.

Ана деген – киелі сөз жалғанда,  
Енесіне еркелейді аңдар да.  
Құрметтей біл, қадірлей біл, бағала,  
Айтамын мен анасы бар жандарға.

Ана – деген мәңгі биік мұнара,  
Сол мұнара тұғырынан құлама.  
Інім неге мұңаясың, жалтақтап,  
Анаң келер, тәттісін ап, жылама.

Ұлпан АРҒЫНБАЕВА,  
9 сынып оқушысы, республикалық  
байқаулардың жүлдегері



# КІТАП ОҚУДЫҢ 10 АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Оқушы, сіз кітапты немесе журнал мақаласын соңғы рет қашан оқыдыңыз? Сіздің күнделікті оқу қабілетіңіз әдетте Instagram, Facebook парақшаларын оқумен шектеле ме немесе тіпті оқымайсыз ба? Егер сіз кітапты мүлдем оқымайтындар қатарынан болсаңыз, сіз көп нәрседен құр қалып жатырсыз. Өйткені кітап оқудың көптеген артықшылығы бар, соның 10 себебіне тоқталамыз.

## 1. ДІЛДІК ЫНТАЛАНДЫРУ

Зерттеулер көрсеткендей, ойлау қабілетін жаттықтырып тұру, Альцгеймер ауруы мен деменцияның дамуын бәсеңдетуі мүмкін немесе тіпті алдын алады. Денедегі кез келген бұлшық ет сияқты, ми да оны қуатты және сау қалыпта ұстау үшін жаттығуды қажет етеді. Дәл солай кітап оқыған кезде, мидың белсенділігі артып, үнемі тонуста болады, ал бұл өз кезегінде оның жағдайын жақсартады.

## 2. КҮЙЗЕЛІСТІҢ ТӨМЕНДЕУІ

Қазіргі заманда күйзеліс көп адамның негізгі проблемаларының бірі. Кітап оны төмендетуі мүмкін, өйткені кітап ішіндегі жазулардың байлығы мен ритмикасы адам психикасын тыныштандырып қана қоймай, организмді стрестен босатады.

## 3. ОЙ-ӨРІСТІҢ КЕҢЕЮІ

Ақпараттың көп болуы маңызды емес, оның жүйелі болуы маңызды. Әлеуметтік желілерден көретін көптеген шашыраңқы ақпараттан гөрі, жүйеге келтірілген, мақсаты бар кітапты оқығанның пайдасы көп болатыны анық.

## 4. СӨЗДІК ҚОРДЫҢ КӨБЕЮІ

Әртүрлі жанрдағы шығармаларды оқыған кезде, сіз әдетте күнделікті сөйлеуде қолданылмайтын сөздерді кездестіресіз. Неғұрлым көп оқысаңыз, соғұрлым көп сөздерді естисіз және қаласаңыз да, қаламасаңыз да олар сіздің күнделікті сөздік қорыңызға енеді.

Көрнекі сөйлей алу қабілеті кез келген кәсіпте көп септігін тигізеді, мәселен, жұмысқа тұрарда немесе потенциалды клиентпен қатесіз, ғылыми, әдеби сөздерді қосып сөйлессеңіз, бұл сіздің білікті маман екендігіңіздің көрсеткіші болады.

Яғни кітап жиі оқысаңыз, жиі қолданатын паразит сөздерден айырылып, әдеби сөйлеп, жаза бастайсыз.

## 5. ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІНІҢ ЖАҚСАРУЫ

Кітап оқыған кезде кейіпкерлердің тізімін, олардың шығу тегі, мотивациясын, тарихы мен ерекшеліктері, сонымен қатар әртүрлі сюжеттік желілерді есте сақтап отыру қажет. Есте сақтауды осы жолмен жаттықтыру, бір жағынан қызықты, екінші жағынан жадыңызға пайдалы болады.



## 6. СЫНИ ПІКІР ҚАЛЫПТАСУЫ

Нақты деректерге негізделген ғылыми, психологиялық, философиялық, тарихи кітаптарды көп мөлшерде оқу адамда критикалық ойлау қабілетін қалыптастырады. Бұл сізге қандай ақпараттың шынайы немесе жалған екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Осы арқылы сіз тәуелсіз пікірі бар тұлғаға айналасыз.

## 7. НАЗАР АУДАРУ ҚАБІЛЕТІНІҢ ЖАҚСАРУЫ

Біздің интернетке салынып кеткен әлемде нақты бір нәрсеге назар аударып отыру күннен-күнге проблемаға айналып бара жатыр.

Ал енді сіз кітап оқығанда, көңіліңіздің барлығы парақ бетіндегі оқиғаға бағытталады. Парақ беттерін аудару, кітапты қолға ұстап оқу, сюжетін бақылау айрықша сезім беріп, назарыңыздың бір арнаға түсуіне көмектеседі.

Оқу кезінде бөтен заттарға аландамай, шығарманың мазмұнына назар аудару керек, әйтпесе сюжеттің маңызды моменттерін жіберіп аласыз. Бұл дағды тек қана кітап оқуда емес, кез келген басқа іс-әрекетте өте пайдалы.

## 8. ҰЙҚЫНЫҢ ДҰРЫС БОЛУЫ

Егер сіз төсек алдында жүйелі түрде кітап оқытын болсаңыз, онда көп ұзамай дене оған машықтанып, кітап оқу денеге жақын арада ұйқыға кету керек екендігінің өзінше бір сигналына айналады.

Сәйкесінше, сіз ұйқыңызды жақсартып қана қоймай, таңертең өзіңізді сергегірек сезініп оянатын боласыз.

## 9. ТЕГІН ОЙЫН-САУЫҚ

Жақсы жазылған кітап арқылы өзіңізді басқа әлемге апара алатындығыңыз керемет емес пе? Кітаптар қымбат, бірақ оларды сатып алуға міндетті емессіз. Тегін оқуға болатын кітапханалар бар, тіпті сатып алу түкке тұрмайтын ұсталған кітаптар дүкендері бар, сонымен қатар қазіргі таңда кітаптарды электронды форматта жүктеп алуға болатын онлайн-ресурстар да көп тараған.

## 10. ЭМПАТИЯНЫҢ ДАМУЫ

Кітап оқу эмпатияны, яғни басқа адамның ішкі дүниесін, сезімін түсінуге мүмкіндік береді.

Кітап оқығанда өзіңізді туындыдағы кейіпкерлердің орнына қоюға тура келеді. Мұндай жағдайда сіз тек қана өзіңіздің емес, басқа кейіпкердің де көзқарастарын ескеріп, түсінуіңіз, шынайы өмірде басқа адамның көзқарасын түсінуге, оның жағдайына кіріп көруге мүмкіндік береді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Көріп отырғанымыздай кітап бұл жай ғана парақ бетіндегі мәтін емес, кітап – сіздің санаңыз бен денеңіздің халін жақсарта алатын теңдесі жоқ қайнарлардың бірі. Осы ақпарат арқылы сіздің көзқарасыңызды сәл де болса өзгерткен болсақ, ендеше, үш ай демалыс кезінде кітапты алыңыз да оқыңыз!

## МЕКТЕБІМІЗДІҢ ҚЫЗДАРЫ БИІК ТҰҒЫРДАН КӨРІНІП ЖҮР

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай ұйымдастырылған волейболдан Нұр-Сұлтан қаласының ашық турнирінде Абай Құнанбайұлы атындағы 87 мектеп-гимназиясы чемпион атанды.

Сондай-ақ 27 мамыр күні Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназиясының ұйымдастыруымен волейболдан қыздар арасында Нұр-Сұлтан қаласының ашық турнирі өтті.

Турнирге қаламыздың үздік командалары шақырту алды.



Сырым Мейрамтайұлы баптайтын мектебіміздің қыздары да

өздерінің жоғары деңгейде екенін тағы да көрсете білді. Тартысты өткен ойында қыздарымыз жүлделі ІІ орынға ие болды.

Финалдық ойын қызыққа толы болды. Нәтижесінде, 2:1 есебімен алаң иелері жеңіске жетті. Қыздарымыз нағыз командалық ойын көрсетті. Бір-біріне деген бауырмалдық, командаласына деген құрмет, қиын сәтте қолдау беру, жұмыла алға ұмтылу міне, осының барлығы біздің қыздардың бойынан табыла білді.

Жеңіс құтты болсын, мектебіміздің абыройы арта берсін!



## МЕКТЕПТІҢ ӘНҰРАНЫ

Терең ойлап басатын алға үш қадам,  
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған.  
Талап, еңбек, терең ой жүректерінде  
Абай жолы біздерді алға бастаған.

Ұстаздары қадірлі,  
Шәкірттері дарынды.  
Дос тұтатын бәріңді  
Абай мектебі!

Өмір көші мың сынақ,  
Білім сая күн шуақ.  
Қазағыма шам шырақ  
Абай мектебі!

Ақ қағазбен қолыма қалам аламын,  
Абай сөзін жүрекке қалап аламын.  
Өзіңді өзің танысың Абайды оқысаң,  
Махаббат пен достықты бағалағаның.

Ғылымды да табасың Абайды оқысаң,  
Орынды да табасың Абайды оқысаң.  
Толық адам боласың жүрегі таза,  
Нұрлы ақылды көңілге мәңгі тоқысаң.

Әні мен сөзінің авторы  
**Дәулет СЕРІҚҰЛЫ**

**Балалар жылы 2022**

**АШЫҚ ТЕРЕЗЕ – БАЛАЛАР ҮШІН ҚАУІПТІ!**  
Бала бар пәтерде қауіпсіз жағдай орнату үшін, келесі ережелерді сақтаған жөн!

**ТЕРЕЗЕЛЕРДІ АШҚАН УАҚЫТТА БАЛАНЫҢ БАҚЫЛАУДА ЕКЕНІНЕ КӨЗ ЖЕТКІЗІҢІЗ**

**ТЕРЕЗЕНІ ТҮГЕЛДЕЙ АШПАҢЫЗ. ТЕК ТЕРЕЗЕ ЖЕЛДЕТКІШІН АШЫҢЫЗ ЖӘНЕ ПЛАСТИКАЛЫҚ ТЕРЕЗЕНІ ЖОҒАРЫ ҚАРАЙ АШЫҢЫЗ**

**ЕШҚАШАН ҰЙЫҚТАП ЖАТҚАН БАЛАНЫ ПӘТЕРДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ**

**БАРЛЫҚ ЖИҺАЗДЫ ТЕРЕЗЕДЕН АЛЫС ҚОЙЫҢЫЗ**

**БАЛАҒА ТЕРЕЗЕНІ ҚАЛАЙ АШУ КЕРЕКТІГІН КӨРСЕТПЕҢІЗ**

**БЕКІТКІШТЕР ОРНАТЫҢЫЗ. ТЕРЕЗЕ ҚҰЛЫПТАРЫН ОРНАТЫҢЫЗ**

**ЕРЕСЕКТЕРДІҢ БАҚЫЛАУСЫЗ БАЛАҒА БАЛКОНҒА ШЫҒУҒА РҰҚСАТ ЕТПЕҢІЗ**

**ТЕРЕЗЕНІҢ АЛДЫНА ГҮЛДЕР НЕМЕСЕ ЗАТТАР ҚОЙЫҢЫЗ**

**ЕШҚАШАН ТЕРЕЗЕДЕП МОСКИТТИ ТОРҒА СЕНБЕҢІЗ! МОСКИТТИ ТОРЛАР ӨТЕ ҚАУІПТІ!**

**ТЕРЕЗЕЛЕР МЕН БАЛКОНДАРҒА ҚОРШАУЛАР ОРНАТЫҢЫЗ**

## ФУТБОЛ! ФУТБОЛ! ФУТБОЛ!

- Жаттығуларды кәсіби жаттықтырушылар жүргізеді;
- Жеке көзқарас, жеке жаттығулар;
- Аптасына 3 рет жаттығу;
- Жаттығу ұзақтығы – 120 минут;
- Фото және бейне есеп;
- Алғашқы жаттығу тегін;
- Қалалық және республикалық турнирлерге қатысу;
- Кез келген уақытта сіздің балаңыз 6-8, 9-12 жас аралығындағы топтардың біріне жазыла алады.

**ТЕЛ.: 8-701-467-87-67**

- ▶ «Natus» – 2020 жылдан бастап қалалық және республикалық турнирлерде табысты өнер көрсетуде.
- ▶ «Natus» – Қарағанды қаласында өткен «НАУРЫЗ кубогы-2021» республикалық турнирде (2014-2015 ж.ж.) чемпион атанды.
- ▶ «Natus» – Павлодар қаласында өткен «Павлодар СІР-2021» республикалық турнирде (2012 ж.ж.) чемпион атанды.
- ▶ «Natus» – Шымкент қаласында өткен «Ізгілік СІР-2021» республикалық турнирде (2012 ж.ж.) чемпион атанды.
- ▶ «Natus» – Петропавл қаласында өткен Абылай Ерденбаевты еске алуға арналған республикалық турнирде (2013 ж.ж.) чемпион атанды.
- ▶ «Natus» – Қарағанды қаласында өткен «Аймақ кубогы-2022» аймақтық турнирде (2010-2011 ж.ж.) чемпион атанды.
- ▶ «Natus» – Алматы қаласында өткен «Нархоз СІР-2022» халықаралық турнирде (2012-2013 ж.ж.) чемпион атанды.

## НҰРЛЫ МЕКТЕП

**Құрылтайшы:**  
Нұр-Сұлтан қаласы, №87 мектеп-гимназиясы  
**Редакция алқасының төрайымы:**  
Қашаева А.

### Редакция алқасының мүшелері:

Исмаилова А.  
Жумабаева А.  
Қасенова Б.  
Жалелов Д.  
Абдиров Ә.

### Редакцияның мекенжайы:

Нұр-Сұлтан қаласы,  
А.Иманов көшесі, 39-үй.  
Телефоны: 8 (7172) 75-95-61.  
e-mail: nur\_abai\_87mg@mail.ru

Газеттің терімі, бет қаттау жұмыстары  
№87 мектеп-гимназиясында дайындалып,  
«Егип» Медиа холдингі»  
(Нұр-Сұлтан қ., Сілеті көшесі №30) ЖШС  
баспаханасында басылып шықты.  
Газет әр тоқсанда бір рет шығады.

**Таралымы 99 дана.**